

## Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 17 наурыздағы № 17/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтөгай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "SOKE Mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 1409,906 гектар жер участкесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алғып қоймай, 2030 жылдың 26 қаңтарына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "SOKE Mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер участкесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Ақтөгай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастырын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөгай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Аманжолов

Ақтөгай ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы 17 наурыздағы  
№ 17/02 қаулысына қосымша

**"SOKE Mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер участкелерінің тізбесі**

p/c №	Ж е р пайдаланушылардың ( Кадастрық номірі меншік иелерінің) атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар
1	Ақтөгай ауданының жер қоры	1409,906

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК